



Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Мал дәрігерлігі комитетінің мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1998 жылғы 18 желтоқсан N 1787. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1999.04.29. N 494 қаулысымен.

ЕСКЕРТУ. Қаулы күшін жойды - ҚРҰ-нің 1999.04.29. N 494 қаулысымен.

P990494_

"Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқарудың пәрменділігін одан әрі арттыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 10 қазандағы N 3655 U973655_ Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1997 ж., N 45, 410-құжат) сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Мал дәрігерлігі комитеті туралы ереже;

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Мал дәрігерлігі комитетінің құрылымы;

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Мал дәрігерлігі комитетінің қарауындағы аумақтық мемлекеттік мал дәрігерлігін басқару органдарының, ұйымдарының тізбесі бекітілсін.

2. "Мал дәрігерлігі жөніндегі нормативтік құқықтық және басқа

актілерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 2 қазандағы N 1205

P961205_

қаулысының (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1996 ж., N 40, 379-құжат) 1-тармағының үшінші және сегізінші абзацтарының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің

1997 жылғы 18 желтоқсандағы
N 1787 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің
Мал дәрігерлігі комитеті туралы

ЕРЕЖЕ

Миссиясы

Мал дәрігерлігін басқару, мемлекеттік мал дәрігерлігі қызметінің жүйесіне басшылық жасауды қамтамасыз ету және мал дәрігерлік саласында бірыңғай саясат жүргізу.

I. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Мал дәрігерлігі комитеті (бұдан әрі - Комитет) Министрлік құзыретінің және өзіне берілген өкілеттіктердің шегінде мемлекеттік мал дәрігерлігін басқаруды дербес жүзеге асыратын және мал дәрігерлігі саласында бірыңғай саясат жүргізуді қамтамасыз ететін мал дәрігерлігін мемлекеттік басқарудың Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Комитет өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңдарын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерін және өзге де нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

3. Комитет пен оның аумақтық органдарын ұстауға арналған шығыстарды қаржыландыру мемлекеттік бюджетте мемлекеттік басқару органдарын ұстауға көзделген қаражаттың есебінен жүзеге асырылады.

4. Комитет заңды тұлға болып табылады, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және өз атауы мемлекеттік тілде жазылған мөрі болады.

Комитетке мемлекеттік мал дәрігерлігін басқарудың аумақтық органдары (заңды тұлға құқығында) мен республикалық малдәрігерлігі ұйымдары тікелей бағындырылған.

II. Міндеттері

5. Комитеттің негізгі міндеттері:

жануарлардың аса қауіпті және карантинді жұқпалы және паразитті ауруларының алдын алу және жою жөніндегі мақсатты бағдарламаларды, мал шаруашылығына мал дәрігерлік қызмет көрсетудің мал дәрігерлік тұрғыда қауіпсіз өнімдер шығарудың жоспарларын әзірлеу және іске асыру;

негізгі бағыттарды белгілеу және мал дәрігерлігі саласында мамандарды даярлау, мал дәрігерлік дәрі-дәрмектерді өндіру және мал дәрігерлігінің проблемалары бойынша ғылыми зерттеулер жүргізу жөніндегі бағдарламаларды қалыптастыру;

мемлекеттік басқару органдары мен лауазымды тұлғалардың, ұйымдардың, Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдік азаматтардың және азаматтығы жоқ адамдардың - жануарлар мен мал шаруашылығы өнімдері иелерінің (бұдан әрі - ұйымдар мен азаматтар) мал дәрігерлік заңдарын сақтауына бақылау жасау, мал дәрігерлігінде пайдаланылатын диагностикалық, емдеу және алдын алу құралдарының сапасына бақылау жасау;

республиканың аумақтарын басқа мемлекеттерден жануарлардың ауруларының әкелінуінен қорғау;

мал тегінен шыққан өнімдер мен шикізаттың сапасына мал-дәрігерлік санитарлық бақылауды қамтамасыз ету;

қоршаған табиғи ортаның мал дәрігерлік-санитарлық тұрғыда ластануын болдырмау және мал дәрігерлігінде биологиялық, химиялық және басқа да дәрі-дәрмектердің қолданылуына бақылау жасауды жүзеге асыру болып табылады.

III. Функциялары мен құқықтары

6. Комитет өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес:

жергілікті мал дәрігерлігі қызметтері мен мемлекеттік мал дәрігерлігі ұйымдары туралы ережелерді әзірлеп, бекітеді және олардың желісін қалыптастырады;

мал ауруларының алдын алу және оларды жою жөніндегі мониторингті, болжамдарды, мемлекеттік бағдарламалардың әзірленуін ұйымдастырады, мал және өсімдік тегінен шыққан өнімдер мен шикізатқа мал дәрігерлік-санитарлық сараптау жүргізудің тәртібін белгілейді, олардың жүргізілуіне бақылау жасауды ұйымдастырады, сондай-ақ жануарлар мен қоршаған табиғи ортаның мал дәрігерлік қорғалуын қамтамасыз етеді;

халықты малдар мен адамдарға ортақ аурулардан қорғау және оларды мал және өсімдік тегінен шыққан өнімдерді уланудан қорғауды қамтамасыз ету саласында санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау органдарымен өзара іс-қимылды жүзеге асырады;

жануарлардың аса қауіпті және карантиндік жұқпалы ауруларының тізбесін жасайды және оны белгіленген тәртіппен Үкіметке бекітуге ұсынады;

жануарларды жатсындыру, сою, кәдеге жарату немесе тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін аса қауіпті карантиндік жұқпалы аурулармен ауырған жағдайда оларды жойып жіберу туралы барлық заңды және жеке тұлғалардың орындауы үшін міндетті нұсқаулар береді;

мал шаруашылығы объектілерін, ет және сүт өнеркәсібі ұйымдарын, мал өнімдері мен шикізаттарын ұқсату және сақтау жөніндегі ұйымдарды жұқпалы мал аурулары анықталған немесе аталған объектілердің мал дәрігерлік-санитарлық жағдайы қанағаттанғысыз деп табылған жағдайда қажетті мал дәрігерлік-санитарлық және эпизоотикалық қарсы шаралар жүргізілгенге дейін оларды пайдалануға тыйым салады;

мал ауруларына байланысты мал дәрігерлігі статистикасын жүргізеді, заңда белгіленген тәртіппен мал дәрігерлігі бойынша есеп пен есеп беру нысандарын жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізеді;

ұйымдар мен азаматтардың мал дәрігерлік алдын-алу шараларын жүргізуін, олардың қолданылып жүрген мал дәрігерлігі ережелерін сақтауын бақылайды, Қазақстан Республикасының мал дәрігерлігі туралы заңдарын бұзушылықтардың алдын алу жөнінде шаралар қабылдайды;

жануарлардың, жануар тегінен шыққан өнімдер мен шикізаттардың, жем-шөптің, биологиялық, химиялық-фармацевтік препараттардың және басқа да бақылаудағы жүктердің экспорттың, импорттың, транзиттік тасымалдануына (айдалуына) бақылауды жүзеге асырады;

Қазақстан Республикасы аумағын шет мемлекеттерден малдың жұқпалы ауруларын әкелуден қорғау жөніндегі шаралардың орындалуын бақылайды;

мал шаруашылығын жүргізу, мал ұстау, мал шаруашылығы өнімдерін өндіру, сақтау, тасымалдау және өткізу кезінде орындалуы міндетті болып табылатын мал дәрігерлігі ережелері мен басқа да нормативтік актілерді республиканың заңдарына сәйкес әзірлеп, бекітеді;

мал дәрігерлігі фармакологиялық кеңесі мен биологиялық препараттар жөніндегі комиссияның жұмысына басшылық етеді;

мал дәрігерлігі қызметін ұйымдастырудың отандық және шетелдік тәжірибелерін зерделейді, мал дәрігерлігін ұйымдастыру ісін жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізеді және мал дәрігерлігі саласында өз құзыреті шегінде жақын және алыс шет елмен ынтымақтастықты жүзеге асырады;

зертханалық іс пен мал ауруларының диагностикасын жетілдіру жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

отандық және импорттық жаңа препараттарды, аспаптарды, құралдарды, қосымша азықтарды тіркейді және оларға қорытынды береді, оларға арналған нормативтік-техникалық құжаттаманы бекітеді, оларды өндіруге және сатуға рұқсат береді;

шетелдік және отандық мал дәрігерлігі препараттарын байқап көруді, мал дәрігерлігі препараттарын әкелуге және шығаруға арналған құжаттарды ресімдеуді жүзеге асырады. Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін ақылы қызметтер көрсетеді. <*>

заңда белгіленген тәртіппен мал дәрігерлігі саласындағы өнертабыстарға қорытынды береді, өнертабыстар мен рационализаторлық ұсыныстарды практикаға енгізеді;

ғылыми-зерттеу және басқа да мал дәрігерлігі ұйымдарында ерекше және шұғыл жағдайларда жоспарланбаған эпизоотикалық қарсы шаралар мен мал дәрігерлік-санитарлық шараларды жүргізу кезінде шұғыл мал дәрігерлік көмегін көрсету үшін арнаулы топтар құрады, олардың жұмысын үйлестіреді, эпизоотикалық ошақтарды жою жөніндегі мал дәрігерлігі шараларының жүргізілуін қадағалауды жүзеге асырады;

биологиялық және емдік препараттардың, дезинфекциялаушы заттардың және материалдық-техникалық ресурстардың резервін жасайды және оларды сақтау орындарын белгілейді;

ғылыми және өндірістік ұйымдарда микроорганизмдер штаммдарын сақталынуы мен пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырады, белгіленген тәртіппен ветеринариялық дәрі-дәрмектерді, жануар тегінен жасалған дәрілік шикізаттарды, мал дәрігерлігі техникасын, сондай-ақ мал аурулары қоздырғыштарының штаммдарын Қазақстан Республикасына әкелуге және одан әкетуге рұқсат береді, ғылыми-зерттеу және басқа да ұйымдарға карантиндік және аса қауіпті мал аурулары қоздырғыштарының уыттылық штаммдарын алуға рұқсат береді;

вакциналар және басқа да мал дәрігерлігі мақсаттарына пайдаланылатын биологиялық препараттар жасау үшін тұрақты бекітілген пайдалы қасиеттері бар микроорганизмдер штаммдарын сақтауға рұқсат береді;

белгіленген тәртіппен мал дәрігерлігі қызметімен айналысу құқығына лицензиялар береді;

мал шаруашылығы фермаларын, малдарды сою және олардың шикізаттарын ұқсату ұйымдарын жоспарлау және оларды салу жобаларына, аталған объектілер мен малдарға арналған су жинағыштарының құрылысы үшін жер учаскелерін бөлу жобаларына сараптама жасауды жүзеге асырады;

халық арасында мал дәрігерлігі саласындағы білімдер мен мал дәрігерлік-санитарлық ағарту жұмысын насихаттауды ұйымдастырады;

ауыл шаруашылығы ұйымдарында мал дәрігерлік алдын-алу, эпизоотикалық қарсы және сауықтыру шараларын жүргізу үшін республикалық бюджеттен бөлінетін қаржының мөлшерлері туралы ұсыныстар енгізеді, мал дәрігерлігі ұйымдарын ұстауға арналған шығыстар сметасын жасайды.

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асырады.

ЕСКЕРТУ. 6-тармақ өзгерді - ҚРҰ-нің 1998.07.09. N 651 қаулысымен.

P980651_

IV. Қызметінің ұйымдастырылуы

7. Комитет пен оның ұйымдары Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Мал дәрігерлігі комитетінің бірыңғай жүйесін құрайды.

8. Комитетті Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын Төраға басқарады, ол өз жұмысында Министрге есеп береді.

Комитеттің Төрағасы мұнымен бір мезгілде Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік мал дәрігерлік инспекторы болып табылады, ол Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсыруы бойынша оны Халықаралық эпизоотикалық бюроға, Дүниежүзілік мал дәрігерлігі ассоциациясына және басқа да халықаралық мал дәрігерлік ұйымдарына білдіреді.

Комитет Төрағасының орынбасары мұнымен біз мезгілде Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік мал дәрігерлік инспекторының орынбасары болып табылады, оны Комитет Төрағасының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

9. Комитеттің Төрағасы - Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік мал дәрігерлік инспекторы:

Комитеттің қызметіне басшылық жасайды және өзіне жүктелген міндеттердің орындалуына дербес жауап береді, құрылымдық бөлімшелердің арасындағы міндеттерді бөледі;

Комитеттің жұмысын Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің басқа да бөлімшелерімен үйлестіреді;

бекітілген лауазымдар номенклатурасына сәйкес Комитеттің қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады, Комитет қызметкерлерін

ынталандыру және оларға тәртіптік шаралар қолдану мәселелерін шешеді;

ұйымдарда, сотта Комитеттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша өкілдік етеді, сондай-ақ Комитеттің атынан шаруашылық шарттарын жасайды;

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығының министріне Төраға орынбасарын, республикалық мемлекеттік мал дәрігерлігі ұйымдары мен мекемелерінің басшыларын қызметке тағайындау туралы ұсыныс береді;

облыстық және Ақмола, Алматы қалалары мал дәрігерлігі қызметтерінің басшыларын - облыстардың, Ақмола және Алматы қалаларының бас мемлекеттік мал дәрігерлік инспекторларын жергілікті атқарушы органдардың келісуі бойынша қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

белгіленген адам саны мен еңбек ақы қорының шегінде Комитет аппаратының штат кестесін, сондай-ақ құрылымын және Комитеттің қарауындағы аумақтық органдар мен республикалық бағыныстағы ұйымдардың ережелері мен жарғыларын бекітеді;

Ауыл шаруашылығы министрлігінің алқасында қаралатын мал дәрігерлігі мәселелері бойынша дайындайды;

өзінің құзыретіне жататын басқа да мәселелер бойынша шешім қабылдайды;

эпизоотикалық қарсы және сауықтыру шараларын жүргізу бөлінетін қаражатқа және орталықтандырылған күрделі салымдарға билік етуші болып табылады.

10. Комитет белгіленген мерзімдерде мемлекеттік мал дәрігерлігі ұйымдары мен жергілікті мал дәрігерлігі қызметтерінің басшыларын аттестациядан өткізеді. Аттестациялау туралы ережені Комитеттің Төрағасы бекітеді.

11. Комитет мал дәрігерлігі ғылымы мен практикасының негізгі бағыттары бойынша ұсыныстарды қарау үшін ірі мамандар мен ғалымдардың ғылыми-техникалық кеңес құрады. Кеңес туралы ережені Комитеттің Төрағасы бекітеді.

12. Комитетті қайта ұйымдастыру мен тарату Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 18 желтоқсандағы
N 1787 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі
Мал дәрігерлігі комитетінің қарауындағы аумақтық мемлекеттік
мал дәрігерлігін басқару органдары мен ұйымдарының

ТІЗБЕСІ

Ақмола облысының мал дәрігерлігі комитеті
Ақтөбе облысының мал дәрігерлігі комитеті
Алматы облысының мал дәрігерлігі комитеті
Атырау облысының мал дәрігерлігі комитеті
Шығыс Қазақстан облысының мал дәрігерлігі комитеті
Жамбыл облысының мал дәрігерлігі комитеті
Батыс Қазақстан облысының мал дәрігерлігі комитеті
Қарағанды облысының мал дәрігерлігі комитеті
Қостанай облысының мал дәрігерлігі комитеті
Қызылорда облысының мал дәрігерлігі комитеті
Маңғыстау облысының мал дәрігерлігі комитеті
Павлодар облысының мал дәрігерлігі комитеті
Солтүстік Қазақстан облысының мал дәрігерлігі комитеті
Оңтүстік Қазақстан облысының мал дәрігерлігі комитеті
Ақмола қаласының мал дәрігерлігі комитеті
Алматы қаласының мал дәрігерлігі комитеті
Республикалық мал дәрігерлігі зертханасы
Шекарада және көлікте мемлекеттік мал дәрігерлігі қадағалау бас
басқармасы

Жануарлардың ауруларына қарсы күрес жөніндегі республикалық
экспедиция

Жануарлар мен құстардың аса қауіпті аурулары жөніндегі
Оңтүстік-Шығыс аймақтық арнаулы мал дәрігерлігі зертханасы

"Мал-Жан" мал дәрігерлік жабдықтау жөніндегі мемлекеттік
кәсіпорын

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 18 желтоқсандағы
N 1787 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі
Мал дәрігерлігі комитетінің

ҚҰРЫЛЫМЫ

Басшылық

Эпизоотикалық қарсы және емдеу-профилактика бөлімі

Мемлекеттік мал дәрігерлігі инспекциясы бөлімі

Мал дәрігерлігі дәрі-дәрмектерін бақылау, өндіру және мал дәрігерлігі
саласындағы ғылыми зерттеулерді үйлестіру бөлімі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК